

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 маусымдағы N 646 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"
Қазақстан Республикасының Заңы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (ерекше бөлім), (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат ; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 7-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 14, 103-құжат; N 15 138, 139-құжаттар; 2004 ж., N 3-4, 16-құжат; N 5, 25-құжат; N 6, 42-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат):

1) 8 0 7 - б а п т а :

807-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мүліктік және жеке сақтандыру объектілері:

1) азаматтардың белгілі бір жасқа дейін немесе сақтандыру шартында белгіленген мерзімге дейін өмір сүруіне, өліміне, азаматтардың өмірінде белгілі бір оқиғалардың б а с т а л у ы н а ;

2) жазатайым жағдайлардың және өзге де оқиғалардың, аурулардың нәтижесінде азаматтардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірілуіне;

3) мүлікті иеленуіне, пайдалануына және билік етуіне;

4) басқа тұлғаларға келтірілген, оның ішінде шартты (міндеттемелерді) бұзу нәтижесінде зиянды өтеу міндетіне;

5) азаматтар мен заңды тұлғалардың өзге тәуекелдеріне байланысты мүліктік мүдделер болуы мүмкін." ;

2-тармақта "құқыққа қайшы" деген сөздерден кейін "мүліктік" деген сөзбен толықтырылсын ;

3-тармақта "мүдделер" деген сөздің алдында "мүліктік" деген сөзбен толықтырылсын;

2) 8 0 9 - б а п т а :

1-тармақта "мүдделерін" деген сөздің алдында "мүліктік" деген сөзбен толықтырылсын ;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мүлікті және оларға байланысты мүліктік мүдделерді сақтандыру мүліктік сақтандыруға жатады." ;

5-тармақта "(келтірілген зияндар үшін жауаптылықты сақтандыру)" және "(шарт бойынша жауаптылықты сақтандыру)" деген сөздер алып тасталсын;

3) 8 0 9 - 1 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде, оның ішінде сақтандыру шартында белгіленген кезең не қайсысының бұрын туындауына қарай сақтандыру шартында көзделген өзге оқиға аяқталғаннан кейін сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру жинақтаушы сақтандыру болып табылады." ;

2-тармақ ", оның басталуының ықтималдық және кездейсоқ белгісі бар" деген сөздермен толықтырылсын ;

3 және 5-тармақтардағы "Аннуитет шарты" деген сөздер "Аннуитеттік сақтандыру шарты" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 810, 811 және 812-баптар алып тасталсын;

5) 816-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

6) 818-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде "немесе аннуитет" деген сөздер алып тасталсын;

7) 8 1 9 - б а п т а :

3-тармақта екінші сөйлем алып тасталсын;

5-тармақ алып тасталсын;

8) 820-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерін қоспағанда, сақтандыру төлемі бір мезгілді төлеммен жүзеге асырылады." ;

9) 8 2 1 - б а п т а :

3 - т а р м а қ т а :

"қарамастан," деген сөзден кейін "сақтандырылушының ауруымен және

денсаулығының өзге де нашарлауымен байланысты шығыстарды өтеуге қатысты сақтандыру төлемдерін қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

Бұл ретте сақтандырылушының ауруымен және денсаулығының өзге де нашарлауымен байланысты шығыстарды өтеуге қатысты сақтандыру төлемі осы баптың 2-тармағында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.";

10) 824-баптың 3-тармағының бірінші бөлігінде "қайта сақтанушының және қайта сақтандырушының" деген сөздер "қайта сақтанушының және қайта сақтандырушының арасында қайта сақтандыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 1) 8 2 5 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тараптар сақтандыру шартын жасауы;"

4) тармақша алып тасталсын;

1 2) 8 2 5 - 1 - б а п т а :

1-тармақта "және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларда ол уәкілетті мемлекеттік органмен келісуге тиіс" деген сөздер алып т а с т а л с ы н .

2 - т а р м а қ т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) сақтандыру жағдайларының тізбесі;"

14) тармақша алып тасталсын;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) қосымша шарттар болуға тиіс.";

5-тармақ алып тасталсын;

13) 826-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Франшиза - сақтандыру талаптарымен көзделген сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын шығындарды өтеуден босату.

Франшиза шартты (азайтылатын) және шартсыз (азайтылмайтын) болады.

Шартты франшиза болғанда сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын зиянды өтеуден босатылады, бірақ егер оның мөлшері осы сомадан көп болса , зиянды толығымен өтеуі тиіс.

Шартсыз франшиза болғанда зиян барлық жағдайларда белгіленген соманы шегере о т ы р ы п ө т е л е д і .

Франшиза сақтандыру сомасына процентпен не абсолютті мөлшерде белгіленеді.";

14) 826-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтанушы жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру жарнасын төлеу талаптарын қатарына екі рет сақтамаған жағдайда сақтандырушы сақтанушыны сақтандыру жарнасын төлеу қажетті туралы хабардар етуге міндетті.";

1 5) 8 2 6 - 2 - б а п т а :

1-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;
3-тармақтың екінші бөлігінде "айтарлықтай" деген сөз алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"Егер жинақтаушы сақтандыру шартының қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылса және сақтандырушы сатып алу сомасын төлеген болса, сақтандырушы мұндай шарттың қолданылуын қалпына келтіруден бас тартуға құқылы.";

16) 830-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Міндетті сақтандыру жөніндегі заң актілерінде сақтандыру құпиясын құрайтын өзге талаптар мен мәліметтерді жария ету тәртібі көзделуі мүмкін.";

1 7) 8 4 1 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігінде:

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі. Бұл ретте міндетті сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беретін ұйым заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен және мерзімде кепілдігін берген сақтандыру шарттары бойынша өз міндеттемелерін орындайды.";

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) уәкілетті мемлекеттік органның сақтандырушының ерікті таратылуына рұқсат беру туралы шешімі күшіне енгізілген реттерде мерзімінен бұрын тоқтатылады.";

18) 842-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "сақтанушыдан алынған сақтандыру жарналары толық көлемде қайтарылуға тиіс" деген сөздер "шартта белгіленген мөлшерде өтемақы сомасы қайтарылуға тиіс" деген сөздермен ауыстырылсын.";

19) 843-баптың 1-тармағының б) және 7) тармақшалары алып тасталсын;

2 0) 8 4 5 - б а п т а :

1-тармақта "809-бабының 2-тармағында аталған өзге де мүліктік мүдделерді" деген сөздер "807-бабының 1-тармағында аталған өзінің мүліктің мүдделерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігіндегі "мүлкін және өзге де" деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақта "мүлкін және" деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақ алып тасталсын.

2. "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі N 220-1 Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 5-6, 49-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 24, 178-құжат; "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі N 436-1 Заңы, 1999

жылғы 3 тамыздағы "Казахстанская правда" N 185-186, (22902-22903); 1999 жылғы 5 тамыздағы N 187-188 (22904-22905), 1999 жылғы 7 тамыздағы "Егемен Қазақстан"):

1) 1-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын не сақтандыру рыногының кәсіби қатысушылары болып табылатын жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктердің ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленуі мүмкін.";

3. "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 22, 406-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 12, 85-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 11-12 (2421), 66-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда қамтылғанынан өзге ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.";

2) 3 - б а п т а :

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"актуарий - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қажетті төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылық деңгейін қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер мөлшерінің, сақтандыру сыйлықақы ставкаларының экономикалық-математикалық есептеулерін жүзеге асыруға байланысты қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өткізіп жатқан және өткізуді жоспарлаған сақтандыру түрлерінің табыстылығы мен кірістілігін бағалайтын уәкілетті органның лицензиясына ие жеке адам;"

төртінші абзац алып тасталсын;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"қайта сақтандыру - бір жағынан қайта сақтанушының қайта сақтандыруға сақтандыру тәуекелдерінің бәрін немесе бір бөлігін беруге және екінші жағынан солардың арасында жасалған қайта сақтандыру шартына сәйкес осы тәуекелдерді қайта сақтандыру ұйымының қабылдауына байланысты қызмет және соған байланысты т у ы н д а й т ы н қ а т ы н а с т а р ; " ;

тоғызыншы абзац алып тасталсын;

он төртінші абзацта "сақтандыру" деген сөзден кейін "(қайта сақтандыру)" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

он бесінші, он алтыншы абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"сақтандыру агенті - берілген өкілеттігіне сәйкес бір немесе бірнеше сақтандыру ұйымдарының атынан және тапсыруымен сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

сақтандыру брокері - сақтанушының тапсыруымен сақтандырушымен сақтандыру

шарттарын жасауға және орындауға байланысты қатынастарда сақтанушыны білдіретін немесе өз атынан сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттарын жасауға байланысты қызметтерді көрсету жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ сақтандыру және қайта сақтандыру мәселелері бойынша консультациялық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;"

3) 4-баптың 1-тармағындағы "заңды мүдделерін мүліктік жағынан қорғауға" деген сөздер "заңды мүліктік мүдделерін қорғауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 5-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

5) мынадай мазмұндағы 5-1-баппен толықтырылсын:

"5-1-бап. Қазақстан Республикасы резидент еместерінің - сақтандыру ұйымдарының сақтандыруы

1. Заңды тұлғаның немесе оның оқшауланған бөлімшесінің Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мүліктік мүдделерін және Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын заңды тұлғаның мүліктік мүдделерін сақтандыруды тек Қазақстан Республикасының резиденті - сақтандыру ұйымы ғана жүзеге асыра алады.

2. Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру ұйымдарымен Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде уақытша болуы кезеңінде ғана жұмыс істеу, оқу, емделу немесе демалу мақсатында осы тұлғалардың Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде уақытша жүрген Қазақстан Республикасының резиденттері - жеке тұлғалармен сақтандыру шарттарын жасауға рұқсат етіледі.

3. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға Қазақстан Республикасының резиденттерінен заңды және жеке тұлғалардан Қазақстан Республикасы резидент еместерінің пайдасына сақтандыру сыйлықақыларын (жарналарын) төлеуге байланысты төлемдер мен аударымдарды жасауға тыйым салынады.";

6) 6 - б а п т а :

2-тармақ мынадай мазмұндағы 3) және 4) тармақшалармен толықтырылсын:

"3) өмірде белгілі бір оқиғаның басталуына сақтандыру;

4) сақтандырушының инвестициялық кірісіндегі сақтанушының қатысуымен өмірді сақтандыру." ;

3, 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жазатайым жағдайдан сақтандыру;

2) аурудан сақтандыру;

3) автомобиль көлігін сақтандыру;

4) темір жол көлігін сақтандыру;

5) әуе көлігін сақтандыру;

6) су көлігін сақтандыру;

7) жүктерді сақтандыру;

8) осы тармақтың 3)-7) тармақшаларында аталған сыныптарды қоспағанда, мүлікті зияннан сақтандыру;

9) автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

10) әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

11) су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

12) осы тармақтың 9) - 11) тармақшаларында аталған сыныптарды қоспағанда, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;

13) заемдарды сақтандыру;

14) ипотеканы сақтандыру;

15) кепілдіктер мен кепілдемелерді сақтандыру;

16) басқа қаржы шығындарынан сақтандыру;

17) құқықтық қорғауға байланысты шығыстарды сақтандыру.

4. Ерікті сақтандыру нысанындағы сақтандырудың жекелеген сыныбын (түрін) жүргізу шарттары бойынша қосымша талаптар, оның ішінде сақтандырудың жекелеген сыныптары шеңберіндегі пруденциалдық нормативтер уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.";

5-тармақтың екінші сөйлемі алып тасталсын;

6-тармақта "сақтандырудың осы сыныбын" деген сөздердің алдында "міндетті" деген сөзбен толықтырылсын;

7) 7 - б а п т а :

1, 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өмірді сақтандыру сақтандырылушы қайтыс болған немесе ол сақтандыру мерзімі біткенге дейін немесе сақтандыру шартында белгіленген жасқа дейін өмір сүрген жағдайда сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру түрлерінің жиынтығын білдіреді.

2. Аннуитеттік сақтандыру, сақтандырылушы белгілі бір жасқа жеткен, еңбек ету қабілетін (жасына байланысты, мүгедектігіне байланысты, науқастығына байланысты) жоғалтқан, асыраушысы қайтыс болған, жұмыссыз қалған жағдайларда немесе сақтандырылушының жеке табыстарының кемуіне немесе одан айрылуына әкеліп соққан өзге де жағдайларда зейнетақы немесе рента түрінде шартта белгіленген мерзім ішінде немесе өмір бойы кезең-кезеңімен сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін жинақтаушы сақтандыру түрлерінің жиынтығын білдіреді.";

мынадай мазмұндағы 2-1 және 2-2-тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Өмірде белгілі бір оқиғаның басталуына сақтандыру, сақтандырылушының өмірінде алдын ала келісілген оқиға (неке қию немесе сәбидің дүниеге келуі) басталған жағдайларда белгілі бір сомада сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін жинақтаушы сақтандыру түрлерінің жиынтығын білдіреді.

2-2. Сақтандырушының инвестициялық кірісіндегі сақтанушының қатысуымен

өмірді сақтандыру сақтандыру ұйымы қосымша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру не сақтандыру сомасын ұлғайту арқылы инвестициялық қызмет нәтижесінде алатын табысқа сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) қатысуы талабымен сақтандырылушы қайтыс болған немесе ол сақтандыру мерзімі біткенге дейін не сақтандыру шартында айқындалған жасқа дейін өмір сүрген жағдайда белгілі бір сомада сақтандыру төлемдерін немесе зейнетақы немесе рента түрінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін жинақтаушы сақтандыру түрлерінің жиынтығын білдіреді. Сақтандыру ұйымы инвестициялық қызмет нәтижесінде алатын кіріске сақтандырылушының (пайда алушының) қатысу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.";

3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жазатайым жағдайдан сақтандыру, сақтандырылушы, осы Заңның 6-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген сақтандыру тәуекелдерін қоспағанда, жазатайым жағдайдың салдарынан, кәсіби аурудың салдарынан қайтыс болған, еңбек ету (жалпы немесе кәсіптік жағынан) қабілетін (толық немесе ішінара) жоғалтқан немесе оның денсаулығына өзге де зиян келтірілген жағдайларда оның шығыстарын белгілі бір сомада және/немесе ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығын білдіреді.

Жазатайым жағдай деп адамның жігеріне қарамастан оның денсаулығына зиянды, жарақат алуына не өліміне әкеліп соқтырған сақтандырылғанның организміне сырттан механикалық, электр, химиялық немесе термикалық әсер етуі нәтижесінде кенеттен болған, қысқамерзімді оқиғаны (жағдайды) түсінуге болады.

4. Аурудан сақтандыру, осы Заңның 6-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген сақтандыру тәуекелдерін қоспағанда, сақтандырылушының ауруына және денсаулығының өзге де бұзылуына байланысты оның шығыстарын белгілі бір сомада және/немесе ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығын білдіреді.

5. Осы Заңның 6-бабы 3-тармағының 3), 4), 5), 6) тармақшаларында аталған көлік құралдарын сақтандыру, көлік құралын иеленуге, пайдалануға, оған билік етуге байланысты адамдардың мүліктік мүдделеріне оның зақымдануы немесе жойылуы, соның ішінде айдап немесе ұрлап әкетілуі салдарынан келтірілген зиянды ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығын білдіреді.

6. Жүктерді сақтандыру, жүктерді, тауарлар мен өнімнің басқа да барлық түрлерін қосқанда, иеленуге, пайдалануға, оған билік етуге байланысты адамдардың мүліктік мүдделеріне жүктердің тасымалдану әдісіне қарамастан оның зақымдануы, жойылуы, жоғалып кетуі салдарынан келтірілген зиянды ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығын білдіреді.

7. Мүлікті сақтандыру, мүлікті иеленуге, пайдалануға оған билік етуге байланысты адамдардың мүліктік мүдделеріне, осы Заңның 6-бабы 3-тармағының 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында аталған мүлікті қоспағанда, оның зақымдануы немесе жойылуы салдарынан келтірілген зиянды ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығын білдіреді.

8. Осы Заңның 6-бабы 3-тармағының 9), 10), 11) тармақшаларында көзделген көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру, тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қосқанда, үшінші тұлғаға өзі көлік құралын пайдалануға байланысты келтірген зиянын өтеу міндетіне байланысты адамның мүліктік мүдделеріне келтірілген зиянды ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығын білдіреді.

9. Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру, осы Заңның 6-бабы 3-тармағының 9), 10), 11) тармақшаларында көрсетілгендерді қоспағанда, барлық тәуекелдерді сақтандыру салдарынан үшінші тұлғаға келтірген зиянды өтеу міндетіне байланысты адамның мүліктік мүдделеріне келтірілген зиянды ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығын білдіреді.

10. Заемдарды сақтандыру, заемшы сақтанушының алдында өз міндеттемелерін орындамауы нәтижесінде сақтанушыда зиян пайда болғанда сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығын білдіреді.

11. Ипотеканы сақтандыру, заемшы сақтанушының алдында ипотекалық тұрғын үй заемының шарты бойынша міндеттемелерін орындамауы нәтижесінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығын білдіреді.

12. Кепілдіктер мен кепілдемелерді сақтандыру сақтанушы берген кепілдік пен кепілдемені орындау міндеті нәтижесінде оның зияны пайда болғанда сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығын білдіреді.";

мынадай мазмұндағы 13, 14 және 15-тармақтармен толықтырылсын:

"13. Басқа қаржы шығындарынан сақтандыру, жұмыстан айырылу, кірісті жоғалту, нашар ауа-райы, үздіксіз, көзделмеген шығыстары, нарықтық құнын жоғалту шығындары және осы Заңның 3-бабы 3-тармағының 12), 13), 14), 15) тармақшаларында көрсетілген сақтандыру тәуекелдерін қоспағанда, қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде болған басқа шығындар пайда болғанда сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығын білдіреді.

14. Құқықтық қорғауға байланысты шығыстарды сақтандыру сақтанушы (сақтандырылушы) соттың істі қарауына байланысты шеккен шығыстары нәтижесінде шығындар болғанда сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығын білдіреді.

15. Осы баптың 10-13-тармақтарында көрсетілген тәуекелдерді сақтандыру

шарттары бойынша сақтанушының өзінің және тек оның пайдасына ғана тәуекелі сақтандырылуы мүмкін.";

8) 8-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Заңның 6-бабы 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген сақтандыру сыныптары шегіндегі тәуекелдерді сақтандыруды қоспағанда, "өмірді сақтандыру" саласындағы қызметті "жалпы сақтандыру" саласындағы қызметпен, сондай-ақ міндетті нысандағы сақтандырудың тиісті сыныптары саласындағы қызметпен біріктіруге болмайды.";

9) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Қайта сақтандыру жөніндегі қызметі

1. Қазақстан Республикасының аумағында қайта сақтандыруды жүзеге асыру жөніндегі қызмет осы Заңда көзделген тәртіппен лицензиялануға жатады.

2. Сақтандыру ұйымы қайта сақтандыру жөніндегі лицензиясыз сақтандыру тәуекелдерін қайта сақтандыруға беруді жүзеге асырады.

3. Сақтандыру ұйымы қайта сақтандыру жөніндегі лицензиямен ғана сақтандыру тәуекелдерін қайта сақтандыруға қабылдауға құқылы.

4. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымының тек қана "жалпы сақтандыру" саласында сақтандырудың барлық түрлері бойынша қайта сақтандыру жөнінде лицензия алуға және қызметті жүзеге асыруға құқығы бар.

5. "Өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымының тек қана "өмірді сақтандыру" саласында сақтандырудың барлық түрлері бойынша қайта сақтандыру жөнінде лицензия алуға және қызметті жүзеге асыруға құқығы бар.

6. Қайта сақтандыруды қайта сақтандыру жөніндегі лицензия негізінде қызметтің ерекше түрі ретінде жүзеге асыратын қайта сақтандыру ұйымы "өмірді сақтандыру" және "жалпы сақтандыру" салалары бойынша сақтандырудың барлық түрлері бойынша қайта сақтандыруды жүзеге асыруға құқылы.

7. Сақтандыру ұйымын құру, лицензиялау, реттеу және оның қызметін тоқтату бөлігіндегі осы Заңның нормалары қайта сақтандыруды қызметтің ерекше түрі ретінде жүзеге асыратын қайта сақтандыру ұйымдарын құру, лицензиялау, реттеу және олардың қызметін тоқтату талаптарына қолданылады.";

1 0) 1 1 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақшада "уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен" деген сөздер алып тасталсын;

2) тармақшада "сақтандыру ұйымы үшін" деген сөздердің алдында "өмірді сақтандыру" саласында қызметті жүзеге асыратын" деген сөздермен толықтырылсын;

10) тармақшада "жүзеге асыруға құқылы." деген сөздер "жүзеге асыруға;" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 11) және 12) тармақшалармен толықтырылсын:

12) сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне қатысу шеңберінде Қазақстан республикасының заң актілерінде көзделген қызметті жүзеге асыруға құқылы."; мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Ассистанс - сақтандыру ұйымдарының, заңды тұлғалардың сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) саяхатта не тұрғылықты жерінен алыс болған уақытында қиын жағдайда душар болғанда оған техникалық, медициналық қолдау көрсету арқылы ақшалай түрде және/немесе натуралды-заттай нысанда көмек көрсетуі.

Ассистанс сақтандыру ұйымдары арасында не сақтандыру ұйымдары мен ассистанс қызметін көрсететін өзге де заңды тұлғалар арасында бірлескен қызмет туралы шарттың негізінде жүзеге асырылады.";

11) мынадай мазмұндағы 11-1-баппен толықтырылсын:

"11-1. Сақтандыру қызметін жүзеге асырудың жалпы талаптары

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру қызметін (қайта сақтандыру жөніндегі қызметін) жүзеге асыру құқығына лицензиясы, сақтандыруды белгілі бір түрі бойынша жүзеге асырудың жалпы талаптарын айқындайтын сақтандыру ережелері және ішкі ережелер болғанда ғана сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқылы.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ішкі ережелері:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы бөлімшелерінің құрылымын, міндеттерін, функциялары мен өкілеттіктерін;

2) ішкі аудит қызметінің және басқа да тұрақты жұмыс істейтін органдардың құрылымын, мүшелерінің санын, міндеттерін, функциялары мен өкілеттіктерін;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының техникалық сақтандыру), инвестициялық, кредиттік, операциялық, нарықтық және басқа да тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатын ашып көрсететін тәуекелдерді басқару жүйесін;

4) құрылымдық бөлімшелер басшыларының құқықтары мен міндеттерін;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері оның атынан және оның есебінен мәмілелерді жүзеге асырған кездегі олардың өкілеттіктерін айқындауы тиіс.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру ережелері мен ішкі ережелерін директорлар кеңесі бекітеді.

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында актуарий болмаса, ол сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқылы емес.";

12) 13-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру пұлын жасау арқылы сақтандыру тәуекелдерін жүзеге асыру кезінде ортақ сақтандыру шарты жетекші сақтандыру ұйымының функциялары мен өкілеттіктерін өзіне алған сақтандыру ұйымының талаптары негізінде жасалады.";

"сақтандыру қызметін көрсету" деген сөздер "сақтандыру шарттарын жасау және орындау" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлем алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қайта сақтандыруға қабылдаған сақтандыру тәуекелдерін беру пруденциалдық нормативтерді есептеу тәртібіне қойылатын талаптарды ескере отырып жүзеге асырылады.";

5-тармақ алып тасталсын;

14) 4-тарау мынадай мазмұндағы 16-1, 16-2, 16-3-баптармен толықтырылсын:

"16-1 бап. Сақтандыру брокерін құру

1. Сақтандыру брокерінің ұйымдық-құқықтық нысаны жауапкершілігі шектеулі серіктестік не акционерлік қоғам болып табылады.

2. Сақтандыру брокерінің атауы "сақтандыру брокері" деген сөзден немесе осы сөзден шыққан туынды сөзден тұруы тиіс.

3. Сақтандыру брокеріне өз атауында "ұлттық", "орталық", "бюджеттік", " республикалық" деген сөздерді пайдалануға тыйым салынады.

4. Осының алдында құрылған сақтандыру брокерлерінің, оның ішінде Қазақстан Республикасының резидент еместері - сақтандыру брокерлерінің атауларымен қосылатын дәрежеге дейінгі бірегей немесе ұқсас белгілерді атаулар ретінде пайдалануға рұқсат етілмейді. Осы тыйым салу еншілес сақтандыру брокерінің басшы ұйымның атауын алу кезіндегі жағдайында қолданылмайды.

5. Сақтандыру брокерін мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тәртіппен жасалады.

16-2 бап. Сақтандыру брокерінің құрылтайшыларына қойылатын талаптар

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына немесе оның қызметкерлеріне сақтандыру брокерін құруға немесе қызметіне қатысуға тыйым салынады.

2. Сақтандыру брокерінің құрылтайшылары және қызметкерлері сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында бір мезгілде қызмет атқара алмайды.

16-3 бап. Сақтандыру брокерінің жарғылық капиталын қалыптастыру

1. Сақтандыру брокерінің құрылтайшылары, қатысушылары не акционерлері сатып алынған қатысу үлестерін не акцияларды тек ұлттық валютадағы ақшамен төлеуі м і н д е т т і .

2. Құрылып отырған сақтандыру брокері жарғылық капиталының ең аз мөлшерін құрылтайшы мемлекеттік тіркеу сәтіне толық төлеуі тиіс.

3. Сақтандыру брокерінің жарғылық капиталының ең аз мөлшеріне және оның

қызметінің өзге шарттарына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.";

15) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Сақтандыру брокерінің қызмет және оған қойылатын талаптар

1. Сақтандыру брокерінің қызметі айырықша қызмет түрі болып есептеледі және оған уәкілетті орган лицензия беруі тиіс.

Сақтандыру брокерінің сақтандыру агенті қызметін жүзеге асыруға құқығы жоқ.

2. Сақтандыру брокері мынадай брокерлік қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) өз атынан және сақтанушының тапсырмасы бойынша сақтандыру шарттарын жасау немесе өз атынан және цеденттің тапсырмасы бойынша қайта сақтандыру шарттарын жасау жөніндегі делдалдық қызмет;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) мәселелері бойынша кеңес беру қызметі;

3) сақтандыруға (қайта сақтандыруға) жеке және заңды тұлғаларды тарту және іздеу ;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызмет көрсетуіне және қаржылық жай-күйіне салыстырмалы талдау жасау;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары көрсететін қызметке салыстырмалы талдау жасау мақсатында сақтандыру объектілері жөнінде ақпарат жинау;

6) клиенттердің тапсырмасы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын әзірлеу, сақтандыру (қайта сақтандыру) критерийлерін таңдау, сақтандыру тәуекелдерін анықтау жөнінде сараптамалық қызмет көрсету;

7) сақтанушының (цеденттің) тапсырмасы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын жасау үшін қажетті құжаттарды ресімдеу және/немесе дайындау, сақтандыру мәселесі бойынша ақпарат жинау;

8) сақтанушының (цеденттің) тапсырмасы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ш а р т ы н р е с і м д е у ;

9) сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтанушылардан (цеденттерден) сақтанушымен (цедентпен) тиісті келісім болған жағдайда, оларды кейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына аудару арқылы сақтанушылардан (цеденттерден)сақтандыру сыйлықақыларын жинау;

10) клиенттердің тапсырмасы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) немесе ортақ сақтандыру шарты бойынша сақтандыру тәуекелдерін орналастыру;

11) сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын жасау, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру, сақтандыру жағдайы басталған кездегі шағымдарды қарау кезінде, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын жасауға байланысты басқа да құжаттарды дұрыс және уақтылы ресімдеуді қамтамасыз ету;

12) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға (цедентке), пайда алушыға кеңес беру және сақтандыру төлемін алуға қолдау көрсету;

13) берілген өкілеттіктерге сәйкес сақтандыру төлемдерін алу үшін қажетті құжаттарды ресімдеу;

14) сақтанушының (цеденттің) тапсырмасы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарынан сақтандыру төлемдерін кейін сақтанушыға (цедентке), пайда алушыға жіберу үшін жинау;

15) мүдделі тұлғалардың тапсырмасы бойынша сақтандыру жағдайы басталған кездегі зиянды қарау және реттеу жөніндегі құжаттарды дайындау;

16) зиянға баға беру және сақтандыру төлемінің мөлшерін белгілеу жөніндегі сарапшылар қызметін ұйымдастыру.

3. Сақтандыру брокері өз қызметін атқару кезінде сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын жасаған тарап болып табылмайды.

4. Сақтандыру брокерінің негізгі құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асырудың ішкі ережелерінде белгіленуі тиіс;

16) мынадай мазмұндағы 18-1-баппен толықтырылсын:

"18-1-бап. Сақтандыру агентіне қойылатын талаптар

1. Заңда белгіленген тәртіппен сотта өтелмеген немесе сотталғандығы алынбаған ісі бар жеке тұлға сақтандыру агенті болып жұмыс істей алмайды.

Сақтандыру агенті өз қызметінде мыналар үшін міндетті:

1) сақтанушыға агенттік келісімді немесе сақтандыру ұйымының атынан және оның тапсыруы бойынша сақтандыру шартын жасау құқығын куәландыратын өзге де құжатты көрсетуге;

2) сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқық берген сақтандыру ұйымы (сақтандыру ұйымдары) лицензиясының көшірмесін қосқандағы ол сақтандыру агенті болып табылатын сақтандыру ұйымы (барлық сақтандыру ұйымдары) туралы ақпаратты беру;

3) сақтанушының талап етуі бойынша жасалған сақтандыру шарты бойынша сақтандыру ережелерімен таныстыру.";

17) 20 - бапта :

1-тармақтағы "қызметінің" деген сөз алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына аудит жүргізу тәртібі, сондай-ақ есеп беруге және уәкілетті аудиторлық ұйымның қорытындысына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.";

5 - тармақта :

"(аудиторды)" деген сөз алып тасталсын;

6-тармақтағы "талаптары" деген сөздің алдында "нормативтік құқықтық актілерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

18) 21 - бапта :

2-тармақта екінші бөлік "және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" деген

сөздермен

толықтырылсын;

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

4. Оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалар немесе тізбесін уәкілетті орган белгілейтін оффшорлы аймақтарда тіркелген заңды тұлғалардың қатысушылары болып табылатын (құрылтайшылар, акционерлер), жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының резидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тура немесе жанама құрылтайшылары немесе акционерлері бола алмайды.

Аталған шектеу, тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтинг агенттіктері бірінің "А" рейтингінен төмен емес халықаралық кредиттік рейтингі бар оффшорлық аймақтарда тіркелген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қолданылмайды.

Оффшорлық деп танылған аймақтар тізбесі сақтандыру қызметіне қадағалауды жүзеге асырған кезде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.";

19) 22 - бапта :

1-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

4-тармақтағы "ресми" деген сөз "құқықтық" деген сөзбен ауыстырылсын;

20) 24-баптың 2-тармағындағы "уәкілетті аудитор" деген сөздерден кейін "қызметі" деген сөзбен толықтырылсын;

21) 25 - бапта :

5-тармақтағы "бақылау жасау құқығы бар" деген сөздер алып тасталсын;

22) 32-баптың 3 және 4-тармақтары алып тасталсын;

23) 35-баптың 1-тармағы алып тасталсын;

24) 36-бап алып тасталсын;

25) 43 - бапта :

5) тармақшадағы "жарғылық және меншікті капиталдың" деген сөздер "жарғылық капиталдың, кепілдік беру қорының, төлем қабілеті маржасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 9-1), 9-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"9-1) Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру сыныптары (түрлері) бойынша сақтандыру тарифтерін есептеу принциптеріне және баға беру әдістеріне талаптар қояды;

9-2) Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының шығын коэффициентімен есеп айырысу тәртібін белгілейді;"

10) тармақшадағы "сақтандыру брокерлерінің" деген сөздерден кейін "сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің, оның ішінде Қазақстан Республикасының резидент еместерінің филиалдары мен өкілдіктерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын автоматтандыруға қойылатын

т а л а п т а р д ы

б е л г і л е й д і ; "

14) тармақшада ", сақтандыру брокерлерін, сақтандыру қызметі мен сақтандыру брокерлерінің субъектілерінің оқшауланған бөлімшелерін, оның ішінде Қазақстан Республикасының резидент еместері - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, Қазақстан Республикасының резидент еместері сақтандыру брокерлері құрған бөлімшелерін" деген сөздермен толықтырылсын;

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"19) сақтандыру нарығының кәсіби қатысушыларынан және олардың бірлестіктерінен, сақтандыру агенттерінен өздерінің бақылау және қадағалау функцияларын осы Заңға сәйкес жүзеге асыруға қажетті мәліметтерді алуға құқылы;"

22), 23) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"22) міндетті сақтандырудың жекелеген түрлері бойынша сақтандыру полистерінің бланктерін дайындайды және олардың мазмұнына және дайындауға қойылатын т а л а п т а р д ы б е л г і л е й д і ;

23) сақтандыру рыногының кәсіби қатысушыларына шектеулі ықпал ету шараларын қолдануға құқылы;"

2 6)

4 4 - б а п т а :

1-тармақта "мен сақтандыру брокерінің" деген сөздер ", сақтандыру брокерін және олардың оқшауланған бөлімшелерін, оның ішінде Қазақстан Республикасының резидент еместері - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, Қазақстан Республикасының резидент еместері - сақтандыру брокерлері құрғандарын," деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2-тармақта "Сақтандыру қызметі субъекті" деген сөз "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру брокері, олардың оқшауланған бөлімшелері, оның ішінде Қазақстан Республикасының резидент еместері - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, Қазақстан Республикасының резидент еместері - сақтандыру брокерлерінің құрғандары - міндетті" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта "сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының" деген сөздердің алдында ", сақтандыру брокерлерінің және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының оқшауланған бөлімшелері, оның ішінде Қазақстан Республикасының резидент еместері - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, Қазақстан Республикасының резидент еместері - сақтандыру брокерлері құрған" деген сөздермен толықтырылсын;

27) 45-бап алып тасталсын;

28) 46-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"46-бап. Пруденциалдық нормативтер және өзге де және сақталуы міндетті нормалар мен лимиттер

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және оларға қатысты төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығын шоғырландырылған негізде қадағалау

жүзеге асырылатын тұлғалардың қадағалау оларға пруденциалдық нормативтер сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттер белгілеу арқылы жүргізіледі.

2. Пруденциалдық нормативтерге мыналар жатады:

1) жарғылық капиталдың ең аз мөлшері;

2) кепілдік беру қорының ең аз мөлшері;

3) төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшері;

4) төлем қабілеттілігі маржасының және кепілдік беру қорының жеткіліктілік нормативі;

5) жоғары өтімді активтердің жеткіліктілігі нормативі;

6) активтерді әртараптандыру нормативі.

Уәкілетті орган қосымша пруденциалдық нормативтерді белгілеуге құқылы.

3. Төлем қабілеттілігі маржасы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелерінің сапасы мен өтімділігін жіктелуін ескеріп есептелген активтердің өсуін білдіреді.

4. Кепілдік беру қоры сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық тұрақтылығын және төлем қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшерден төмендеуі нәтижесінде құрылады.

5. Жекелеген сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелерінің барынша жоғары көлемі актуариймен есептеледі және ол осы Заң талаптарын және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін ескеріп жасалған төлем қабілеттілігі маржасынан асуы мүмкін емес.

Сонымен бірге сақтандыру ұйымы осы тармақта көрсетілген нормативтен асып кеткен сақтандыру тәуекелінің бөлігін ғана қайта сақтандыруға беруге құқылы.

6. Топтап сақтандыру кезінде осы баптың 5-тармағында көрсетілген норма әр сақтандырылушыға жеке есептеледі.

7. Ортақ сақтандыру кезінде осы баптың 5-тармағында көрсетілген норма әр ортақ сақтандырушының сақтандыру сомасынан түскен үлес негізінде есептеледі.

8. Уәкілетті орган төлем қабілеті маржасының ең аз деңгейіне және ипотеканы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымына арналған сақтандыру резервтерін есептеу тәртібіне қосымша талаптарды белгілеуге құқылы.

9. Қазақстан Республикасының резидент еместері - қайта сақтандыру ұйымының цеденті төлеген сақтандыру сыйлықақысының жиынтық мөлшері қаржы жылының толық аяқталуы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарында қайта сақтандыру ұйымына төленгенін ескеріп алынған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық мөлшерінің сексен бес процентінен аспауы тиіс.

10. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қаржылық есеп беруіне кірмейтін туынды қаржы құралдарының болуын және оны пайдалануды шектеу жөніндегі мәліметтерді уәкілетті органға ұсынады.

11. Пруденциалдық нормативтер есеп беруінің нормативтік мәні мен әдістемесін, сондай-ақ пруденциалдық нормативтер және басқа сақтауға міндетті нормалар мен лимиттер есеп беруі үшін олардың сапа және өтімділік жөніндегі жіктелуін ескере отырып, активтер құны әдістемесіне қойылатын талаптарын уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.";

29) 47-баптың 3-тармағындағы "сақтандыру резервтерінің қаражатын орналастыру тәртібіне" деген сөздер "олардың құрылымына" деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 53-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"53-бап. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жағдайын сауықтыру жөніндегі ұсынымдар

Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жағдайы нашарлаған жағдайда оның акционерлері алдына қаржылық сауықтыру қажеттігі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшылығын ауыстыру немесе оны қайта ұйымдастыру туралы және мына төмендегідей ұсыным жіберуге құқығы бар:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелер қабылдауды шектеу туралы;

2) жарғылық капиталды ұлғайту туралы;

3) дивидендтер төлеуді тоқтатуды және сақтандыру резервтерін ұлғайту туралы;

4) жекелеген филиалдар мен өкілдіктерді жабу арқылы, сондай-ақ қызметкерлерді қосымша жалдауды тоқтату немесе шектеу арқылы шығыстарды қысқарту туралы;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кез-келген басшы немесе басқа қызметкерлерін тұрақты немесе уақытша қызметтен шеттету туралы;

6) тәуекел дәрежесі жоғары кейбір сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру қызметін тоқтата тұру немесе шектеу туралы.";

31) мынадай мазмұндағы 53-1-баппен толықтырылсын:

"53-1-бап. Шектеулі ықпал ету шаралары

1. Уәкілетті орган пруденциалдық нормативтер және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақталуға міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің бұзылуын, Қазақстан Республикасының заңдарының бұзылуын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қызметкерлері мен лауазым иелерінің және сақтандыру брокерінің заңсыз қимылдарын немесе әрекетсіздіктерін анықтаған жағдайда уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына және сақтандыру брокеріне мынадай шектеулі ықпал ету шараларының бірін қолдануға құқылы:

1) жазбаша міндеттемені талап етуге;

2) орындалу міндетті жазбаша нұсқама беруге;

3) жазбаша ескерту жасауға;

4) жазбаша келісім жасауға.

Уәкілетті орган актуарийлердің сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңдар бұзылуы анықталған жағдайда осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында

көрсетілген шектеулі ықпал ету шараларын қолдану құқығы бар.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру брокерінің жазбаша міндеттемесінде Қазақстан Республикасының заңдары бұзылғандығы және/немесе кемшіліктерді растаған факт болуы және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы немесе сақтандыру брокері басшылығының болашақта анықталған кемшіліктерді және/немесе Қазақстан Республикасының заңдарын бұзуды болдырмау жөніндегі кепілдігі б о л у ы т и і с .

3. Жазбаша нұсқама - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына немесе сақтандыру брокеріне Қазақстан Республикасының заңдарындағы анықталған бұзуларды, сондай-ақ қатаң белгіленген мерзімде шарт міндеттемелерінің бұзылуын жоюға не Қазақстан Республикасының заңдарындағы анықталған бұзылуды болашақта болдырмауға бағытталған міндеті түзету шараларын орындау үшін қабылданылады.

Сондай-ақ уәкілетті орган жазбаша нұсқаманы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы пруденциалдық нормативтерді және басқа сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді бұзған жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы немесе сақтандыру брокері қабылдаған жазбаша міндеттемеге сәйкес қатарынан алты ай аралығында қабылдаған міндеттемесін бұзған жағдайда қабылдайды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы немесе сақтандыру брокері жазбаша нұсқаманы аталған құжаттарда көрсетілген мерзімде орындайтындығы туралы уәкілетті органды хабардар етуі тиіс.

4. Жазбаша ескерту - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына немесе сақтандыру брокеріне, осы Заңның 53-2-бабында көзделген санкцияларды мына жағдайда, егер Қазақстан Республикасының заңдарын бұзуды уәкілетті органның белгілеген мерзімінде жоймаса, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы немесе сақтандыру брокері өзіне қабылдаған міндеттемелерін уәкілетті органның жазбаша міндеттемесінде және/немесе жазбаша ұйғарымында белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда қолданылуы мүмкін уәкілетті органның хабарламасы болып т а б ы л а д ы .

Жазбаша келісім - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру брокерінің уәкілетті органмен арадағы анықталған кемшіліктерін жою және осыған байланысты бірінші кезектегі шараларды бекіту қажеттігі туралы келісімі. Жазбаша келісім сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы немесе сақтандыру брокері мен уәкілетті орган кездескен кемшіліктерді жою үшін екі айдан асатын мерзім талап етіледі деген ұйғарымға келген жағдайларда жасалады.

Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына немесе сақтандыру брокеріне осының алдындағы қолданылған ықпал ету шараларына қатыссыз, осы бап белгілеген кез-келген шектеулі ықпал ету шараларын қолдануға құқылы.";

32) мынадай мазмұндағы 53-2-баппен толықтырылсын:

"53-2 бап. Санкциялар

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына немесе сақтандыру брокеріне санкцияны осы Заңға сәйкес уәкілетті орган не сот қолданады.

2. Уәкілетті органның санкция ретінде мынадай шараларды қолдану құқығы бар:

1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен және негіздемеге сәйкес әкімшілік айыппұл салу;

2) осы Заңның 54-бабымен белгіленген негіздемелер бойынша лицензиялардың қолданылуын уақытша тоқтату;

3) осы Заңның 55-бабымен көзделген негіздемелер бойынша лицензияларды қайтарып алу;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларды олардың акционерлерінен мәжбүрлеп сатып алуы туралы шешім қабылдау және жаңа инвесторға осы Заңның 61-бабының талаптарына сәйкес сату.";

33) 54 - бапта :

1 - тармақта :

1) тармақшадағы "жазбаша нұсқама" деген сөз "шектеулі ықпал ету шараларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшада "сақтандыру қызметін" деген сөздерден кейін "және сақтандыру брокерінің қызметін" деген сөздермен толықтырылсын;

6) тармақша алып тасталсын;

9) тармақшада "тоқтатыла тұрады." деген сөздер "тоқтатыла тұрады;" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) сақтандыру брокерінің сақтандыру агенті қызметін жүзеге асыруы.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы лицензиясының қолданылуы барлық сыныптар бойынша, сонымен бірге сақтандырудың жеке сыныптары бойынша да тоқтатыла тұрылуы мүмкін.";

3-тармақтың екінші бөлігіндегі "сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының" деген сөздер "лицензиаттың" деген сөздермен ауыстырылсын;

34) 55 - бапта :

1 - тармақта :

4) тармақша алып тасталсын;

5) тармақшада "шығаруға құқылы." деген сөздер "шығаруға;" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) лицензияны алған күннен бастап бір жыл ішінде сақтандыру қызметін, сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асырмауға құқылы.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Лицензиялары қайтарып алынған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы

сақтандыру немесе өзге қызметті жүзеге асыруға құқылы емес, әрі тізбесін уәкілетті орган айқындайтын операцияларды қоспағанда, қолдағы банк шоттары бойынша барлық операцияларды тоқтатуға міндетті.";

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Лицензиясы қайтарып алынған сақтандыру брокері өз қызметін жүзеге асыруға құқығы жоқ, оны ұстауға байланысты ағымдағы шығыстарға, сақтандыру брокеріне келіп түскен ақшаны есептеуге байланысты жағдайларды қоспағанда, ол банктік шоттар бойынша барлық операцияларды тоқтатуға міндетті.";

35) 56-баптың 1-тармағындағы "оның лицензиат назарына жеткізілген не баспасөзде жарияланған" деген сөздер "оны уәкілетті орган қабылдаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

36) 56-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Уәкілетті органның, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және тарату комиссиясының уақытша әкімшілігінің (уақытша басқарушы) құрамына енгізілген уәкілетті орган қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу, сондай-ақ орталық әділет органының ресми баспасөз басылымдарында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын соттың мәжбүрлеп тарату жөніндегі қабылдаған шешімі туралы ақпаратына және әділет органының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мәжбүрлеп таратылу негізінде қызметі тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуге байланысты шығыстардан басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату негіздемесі бойынша қызметін тоқтатқан жағдайдағы шығыстарын қаржыландыруына және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкі болмаған не оның құны осы шығыстарды жабуға жеткіліксіз болған жағдайында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын таратуды аяқтаған соң құжаттарды сақтау үшін архивке өткізу жөніндегі ақпаратты жариялау жөніндегі шығыстарды жабудан басқа жағдайлардағы шығыстарын қаржыландыруына тыйым салынады.";

37) 59-бап мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) уәкілетті органның сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңдарының бұзылуын жою туралы жазбаша ұйғарымының және жазбаша ескертуінің орындалмауы";

3 8) 6 1 - б а п т а :

2, 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уәкілетті органның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акциясын мәжбүрлеп сатып алуы оларды кейін жаңа инвесторға сату мақсатында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын (акционерлер үлесі) мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылдаған күнгі оның нақты төлем қабілеті маржасының мөлшері негізінде белгілі болған баға бойынша жүзеге асырылады.

3. Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сатып алған акцияларын сатуды сатып алу бағасы бойынша жүргізеді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының барлық мәжбүрлеп сатып алынатын акцияларын иеленушілердің құқықтары мен міндеттері жаңа инвесторға көшеді.";

39) 62-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сақтандыру қызметін жүзеге асырмайтын заңды тұлға ерікті қайта ұйымдастырылуына рұқсатты алған кезде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органға бұрын берілген барлық лицензияларды бір апталық мерзімде қайтарып беруге міндетті.";

40) 64-бап алып тасталсын;

41) 67-баптың 4-тармағында "қайтаруға міндетті" деген сөздердің алдында "бір апталық мерзімде" деген сөздермен толықтырылсын;

42) 69-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уақытша әкімшілік өз өкілеттігін тапсыра отырып сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін және құжаттарын он күннен аспайтын мерзімде тарату комиссиясының төрағасына береді. Егер мәжбүрлеп таратылып отырған сақтандыру ұйымы сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болған жағдайда, уақытша әкімшілік міндетті сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген мерзімде және көлемде ақпарат береді.";

43) 70-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "тағайындау" деген сөзден кейін "және босату" деген сөзбен толықтырылсын;

44) 72-баптың 1-тармағының 5) тармақшасындағы "кепілдік төлемдері" деген сөздер "кепілдік, өтемақылық төлемдер және оларды жүзеге асыруға байланысты өзге шығыстар" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 5) 7 4 - б а п т а :

3-тармақта "міндетті" деген сөз "сақтандыру брокері міндетті" деген сөздермен ауыстырылсын ;

4-тармақта "жүргізіп отырады" деген сөздер "сақтандыру брокерлері жүргізіп отырады" деген сөздермен ауыстырылсын;

46) мына мазмұндағы 75-1-баппен толықтырылсын:

"75-1-бап. Шығын коэффициенті

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сақтандырудың барлық не жекелеген сыныптары (түрлері) бойынша өз қызметтеріне талдау жасау мақсатында шығын коэффициенті есебін жасайды.

2. Шығын коэффициенті - сақтандырудың барлық не жекелеген сыныптарын (түрлерін) жүзеге асыру кезіндегі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметінің шығындарын көрсетуге қатысты көрсеткіш.

Шығын коэффициенті есебінің тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.";

47) 77-баптың 1 және 2 тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру нарығының кәсіби қатысушылары, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын сақтандыру агенттері сақтандыру (қайта сақтандыру), сақтандыру делдалдығы жөніндегі деректерді қалыптастыруға және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен олардың қызметіне байланысты құжаттардың сақталуын және есебін жүргізуді қамтамасыз етуге міндетті.

2. Сақтандыру нарығы кәсіби қатысушыларының, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын сақтандыру агенттерінің сақталуы міндетті болып табылатын құжаттар тізбесінің сақталу тәртібін және мерзімін мұрағат пен құжаттаманы басқарудың уәкілетті мемлекеттік органымен келісе отырып уәкілетті орган белгілейді."

4. "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 11, 63-құжат):

1) 1 - б а п т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) агент банк - Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорымен жасалған агенттік келісімінің негізінде кредиторларға кепілдік төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызмет көрсететін банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банк немесе ұ й ы м . " ;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) кредитор - мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының - Қор қатысушысының осы Заңда көзделген жағдайларда кепілдік төлемін алуға құқығы бар сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы);";

7) тармақша "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры кепілдік берген міндетті сақтандырудың түрлері бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

11) тармақша "сондай-ақ сақтандыру жағдайын, келтірілген зиян мөлшерін анықтауға байланысты шығыстарды және кепілдік пен өтемақы төлемдерін жүзеге асыруға байланысты өзге шығыстарды" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 4-баптың 1) тармақшасындағы "сақтандыру ұйымдарының қызметін реттейтін" деген сөздерден кейін ", оның ішінде кепілдік және өтемақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібінің мәселелерін реттейтін" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 5 - б а п т а :

3, 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қордың қызметіне жалпы басшылықты бес адамнан тұратын директорлар кеңесі жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің құрамына уәкілетті органның бір өкілі, Қор қатысушысы-сақтандыру ұйымдарының бір өкілі, Құрылтайшының бір өкілі, Қордың ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын және Құрылтайшы болып тағайындалған Қордың бас директоры мен Қордың бір өкілі кіреді.

4. Қордың банк шоттары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылады.

Кепілдік төлемдерін жүзеге асыру үшін, сонымен қатар Қордың ағымдағы қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыруы мақсатында Қордың банк шоттары екінші деңгейдегі банктерде ашылуы мүмкін.";

4) 6 - б а п т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қатысушы-сақтандыру ұйымдарының міндетті және төтенше жарналарының ставкаларын қатысушылар-сақтандыру ұйымдарының Қорға төлеуі тиіс төтенше жарналарының көлемін әрбір күнтізбелік жылға белгілеу;"

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) тартылған заемдардың және Қордың қарызға алуының шекті мөлшерлерін белгілеу;"

5) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Қордың кепілдіктері

"Қатысушы-сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заң күшіне енген күннен бастап Қор ол бойынша мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымы заңсыз бас тартқан (толық немесе ішінара) не сақтандыру төлемін толық көлемде жүзеге асырмаған, оның ішінде сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензияны қайтарып алғанға да және оны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі күшіне енгенге де дейінгі кезеңде, міндетті сақтандыру шарты бойынша барлық басталған сақтандыру жағдайы бойынша кредиторларға кепілдік төлемдерін жүзеге асыру жөнінде өзіне міндеттемелер алады.";

6) 8-бап мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Өз функцияларын сапалы және уақтылы орындауды қамтамасыз ету мақсатында , Қор өз құзыретінің шегінде жеке және заңды тұлғалардан, сондай-ақ мемлекеттік органдардан ақпаратты, оның ішінде сақтандыруды құрайтын құпияны алуға құқылы.

Алынған мәліметтер одан әрі жария етілмеуі тиіс.

4. Қордың қызметкерлері қызметтік, коммерциялық құпияны, сақтандыру құпиясын немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын өз функцияларын олардың жүзеге асыруы барысында алынған мәліметтерді жария етпеуге жауап береді.";

7) 10-баптың 7) тармақшасы алып тасталсын;

8) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Кепілдік төлемін жүзеге асыру негіздері және тәртібі

1. Кепілдік беру төлемін жүзеге асыру жөніндегі Қорға қойылатын талап ету құқығы қатысушы-сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заң күшіне енген күннен бастап туындайды.

Кепілдік беру төлемін алуға кредиторлардың құқығы бар:

1) сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензияны қайтарып алғанға және ол бойынша мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымы заңсыз бас

тартқан (толық немесе ішінара) не сақтандыру төлемін толық көлемде жүзеге асырмаған міндетті сақтандыру шарты бойынша оны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейінгі кезеңде барлық басталған сақтандыру жағдайы б о й ы н ш а ;

2) сақтанушының басқа қатысушы-сақтандыру ұйымымен міндетті сақтандырудың жаңа шартын жасаған күнге дейін сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап, бірақ мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап екі айдан аспайтын кезеңде басталған сақтандыру жағдайы бойынша.

2. Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген негіздерде Қорға қойылатын талап құқығы кредиторда туындаған кезде, растайтын құжаттар болған кезде кредитор қатысушы-сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап екі айдың ішінде кепілдік төлемін жүзеге асыру туралы жазбаша өтінішпен Қорға баруға құқылы.

Растайтын құжаттар болмаған кезде, оларды алу үшін, кредитор мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының тарату комиссиясына сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтінішпен (шағыммен) баруға құқылы.

3. Осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде кредитор сақтандыру (кепілдік беру) төлемін жүзеге асыру туралы талаптармен тікелей Қорға не Қордың қатысушысы-сақтандыру ұйымына баруға құқылы.

Кредитордың талаптарын алғаннан кейін қатысушы - сақтандыру ұйымы не Қор міндетті сақтандыру туралы заң актілерінде көзделген тәртіппен сақтандыру жағдайын және келтірілген зиянның мөлшерін анықтау бойынша жұмысты жүргізеді.

4. Кредитор не қатысушы-сақтандыру ұйымы кепілдік беру төлемін жүзеге асыру үшін қажет құжаттардың толық пакетін бергеннен кейін Қор кепілдік төлемін жүзеге асыру туралы не кепілдік беру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қ а б ы л д а й д ы .

5. Қор қатысушы-сақтандыру ұйымдарының осы баптың 3-тармағында көзделген іс-шараларды жүзеге асыруға байланысты, нақты шығыстар мөлшеріндегі, бірақ бес айлық есептік көрсеткіштен аспайтын шығыстарын өтейді.

6. Кепілдік беру төлемінің мөлшері міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға арналған сақтандырудың міндетті түрі бойынша Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес айқындалады.

7. Кепілдік беру төлемі моральдық зиянның, кредитордың жіберген пайдасының, сондай-ақ міндетті сақтандыру шарты бойынша тұрақсыздық айыбының орнын т о л т ы р м а й д ы .

8. Кредиторларға кепілдік беру төлемін тікелей Қор немесе кредитордың банк

шотына қолма-қол жасалмайтын нысанда не қолма-қол ақшамен агент арқылы жүзеге асырылады.

9. Мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының кредиторына кепілдік төлемін жүзеге асырған күннен бастап жүзеге асырылған кепілдік төлемінің көлемінде міндетті сақтандыру шарты бойынша кредитордың талап ету құқығы көшеді.

Кредитордың көшкен талап ету құқығын, сонымен қатар кепілдік төлемін жүзеге асыруға байланысты шығыстарды өтеу жөніндегі талапты Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының тарату комиссиясына (бұдан әрі - тарату комиссиясы) Қор ұсынады.";

9) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Сақтанушылардың құқықтарын қорғаудың қосымша тәсілдері

1. Мерзімдері өтпеген мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтанушы сот шешімі күшіне енген күннен бастап екі айлық мерзімде Қордың қатысушы-сақтандыру ұйымымен қалған уақыт кезеңіне міндетті сақтандыру шартын жасауға құқылы, бұл кезең ішінде мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымымен бұрын жасалған міндеті сақтандыру шарты қолданыста болуы тиіс.

2. Қатысушы-сақтандыру ұйымымен осы баптың 1-тармағында көзделген міндетті сақтандыру шартын жасаған жағдайда, Қор қатысушы-сақтандыру ұйымына өтемақы төлемін жүзеге асырады.

3. Өтемақы төлемінің мөлшері жаңадан жасалған міндетті сақтандыру шартының қолданылу кезеңіне сүйене отырып, міндетті сақтандыру туралы заң актісіне сәйкес айқындалады. Өтемақы төлемін жүзеге асыру тәртібі осы Заңға және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес айқындалады.

Жаңадан жасалған шарттың қолданылу мерзімі жаңа шартты жасаған күннен бастап, бұл кезең ішінде мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымымен сақтанушы бұрын жасаған міндеті сақтандыру шарты қолданыста болуы тиіс мерзім аяқталған кезде дейінгі кезеңді құрайды.

Егер сақтанушы мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымымен бұрын жасалған міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын толық төлемесе, Қор сақтанушы төлемеген сақтандыру сыйлықақысының сомасын шегере отырып, өтемақы төлемін жүзеге асыруға құқылы. Мұндай жағдайда, міндетті сақтандыру шартын жасаған қатысушы-сақтандыру ұйымы сақтанушыдан сақтандыру сыйлықақысының төленбеген сомасын талап етуге құқылы.

4. Қатысушы-сақтандыру ұйымы мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтанушысымен міндетті сақтандыру шартың жасаған кезде қатысушы-сақтандыру ұйымы міндетті сақтандырудың осы түрі бойынша Қазақстан Республикасының заң актісінде көзделген көлемдер осындай шарт бойынша жауапты болады.

5. Қатысушы-сақтандыру ұйымы міндетті сақтандыру шарты қолданысының өтпеген кезеңіне міндеті сақтандыру шартын жасағанда мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтанушысынан бас тартуға құқылы.

Мәжбүрлеп таратылатын Қордың қатысушысы-сақтандыру ұйымымен бұрын жасалған шарт қолданысының өтпеген кезеңіне жасаған шарт бойынша қатысушы-сақтандыру ұйымы Қорға міндетті жарналар төлемейді, шартты міндеттемелерді қалыптастырады.

6. Өтемақы төлемдерін жүзеге асырған күннен бастап жүзеге асырылған өтемақы төлемі көлеміндегі міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтанушының талап ету құқығы Қорға көшеді.

Көшкен талап ету құқығын, сонымен қатар өтемақы төлемін жүзеге асыруға байланысты шығыстарды өтеу жөніндегі талапты Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен тарату комиссиясына Қор ұсынады.

7. Уәкілетті орган дереу, бірақ қатысушы-сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап 10 күннен кешіктірмей, Қордың қатысушысы-сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің көшірмесін Қорға жібереді.

8. Қор, он жұмыс күнінің ішінде қатысушы-сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы заң күшіне енген сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап Қазақстан Республикасының барлық аумағына тараған мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мерзімдік баспасөз басылымдарында басталған сақтандыру жағдайы бойынша мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының кредиторларына кепілдік төлемдерін жүзеге асыру туралы хабарды, сонымен қатар мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушылар баруға құқылы олардың мекен-жайларын көрсете отырып, сонымен бірге мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымымен бұрын жасалған шарт қолданысының өтпеген кезеңіне міндетті сақтандырудың жаңа шартын жасау үшін қатысушы-сақтандыру ұйымдарының тізбесін жариялайды.";

10) 18 - бапта :

1 - тармақта :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тарату комиссиясының құрамына өз өкілін енгізу туралы уәкілетті органның алдында өтініш жасауға және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының тарату өндірісіне қатысуға;" ;

3) тармақшадағы "қажетті ақпарат" деген сөздер "қажетті ақпарат пен құжаттар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - тармақта :

3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

3) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен, көлемде және мерзімде уәкілетті органға Қордың қызметі туралы мәліметтер мен қаржылық есеп (Қордың қаржылық есебінен б а с қ а) б е р у г е ;

4) қатысушы-сақтандыру ұйымдарына олардың сұратулары бойынша өзінің жылдық бухгалтерлік балансын және қатысу шартына сәйкес кірістер мен шығыстар туралы е с е б і н б е р у г е ; " ;

5) тармақшада "жылдық" деген сөзден кейін "бухгалтерлік" деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

7) тармақша "және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

11) тармақша "және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

"13) осы Заңның 15-бабының 6-тармағында көзделген тәртіппен қатысушы-сақтандыру ұйымдарының шығыстарын өтеуге.";

1 1) 1 9 - б а п т а :

1-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жылдық бухгалтерлік баланс және кірістер мен шығыстар туралы есебін беруді Қ о р д а н т а л а п е т у г е ; " ;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) осы Заңның 15-бабының 3-тармағында көзделген іс-шараларды жүзеге асыруға."

5. "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 15, 104-құжат):

1) 8-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандырушы жыл сайын өзінің қаржылық есебін Қазақстан Республикасының барлық аумағына таралатын кемінде екі мерзімдік баспасөз басылымында мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жылдық қаржылық есепті жариялау тәртібі туралы нормативтік құқықтық актісінде көзделген көлемде және мерзімде жариялауға міндетті.";

2) мынадай мазмұндағы 8-1-баппен толықтырылсын:

"8-1-бап. Міндетті сақтандыру жөніндегі деректер базасы

1. Сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген заңды тұлға көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензияны алғанға дейін осы Заңмен айқындалған тәртіппен міндетті сақтандыру жөніндегі деректер базасының қатысушысы болуға міндетті.

2. Міндетті сақтандыру жөніндегі деректер базасы - сақтанушы, сақтандырылушы

және сақтандырушы туралы ақпараттың жиынтығы.

Сақтандыру есебі - сақтандыру тарихында бар ақпаратты толық немесе ішінара берудің нысаны.

Сақтанушы және сақтандырылушы деректер базасының субъектілері болып табылады.

3. Сақтандырудың міндетті түрі бойынша деректер базасын қалыптастыру мен жүргізу жөніндегі ұйым Қазақстан Республикасының заң актілеріне және сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес құрылған және өз қызметін жүзеге асыратын кредит бюросы болып табылады.

4. Заң актілері мен осы Заңда көзделген талаптарды іске асыру жөніндегі функцияларды сапалы және уақтылы қамтамасыз ету мақсатында кредит бюросы және Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры жеке және заңды тұлғалардан, сондай-ақ мемлекеттік органдардан ақпаратты, оның ішінде сақтандыруды құрайтын құпияны алуға құқылы.

Кредит бюросының және Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының қызметкерлері қызметтік, коммерциялық құпияны, сақтандыру құпиясын немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын, өз функцияларын жүзеге асыруы барысында олар алған мәліметтерді жария етпеуге жауапты болады.

5. Міндетті сақтандыру жөніндегі деректер базасын қалыптастыруға арналған ақпаратты жеткізушілер мыналар болып табылады:

1) ішкі істер органдары жол полициясының бөлімшелері;
2) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандырушылар;

3) ақпаратты беру және (немесе) сақтандыру есептерін алу туралы шарттардың негізінде өзге тұлғалар.

6. Ақпаратты жеткізуші:

1) кредит бюросынан осы Заңға сәйкес берілген ақпаратты пайдалануды талап етуге ;

2) Қазақстан Республикасының заң актілеріне және (немесе) ақпарат беру және (немесе) ақпарат алу туралы шартқа сәйкес өзге құқықтары болуға құқылы.

7. Ақпаратты жеткізуші:

1) ақпарат беру және (немесе) сақтандыру есептерін алу туралы қатысу шартын жасауға ;

2) осы Заң және ақпарат беру және (немесе) сақтандыру есептерін алу туралы шарттар айқындаған көлемде және тәртіппен міндетті сақтандыру жөніндегі деректер базасын қалыптастыруға арналған ақпаратты кредит бюросына беруге;

3) сақтандыру тарихы субъектісінің талабы бойынша кредиттік бюроға берілген

ақпаратқа түзетулер енгізуге;

4) кредит бюросына сақтандыру тарихының субъектісі туралы қолда бар мәліметтерге дәл сәйкес келетін ақпарат беруге;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ақпарат ресурстарын және ақпарат жүйелерін пайдалануға;

6) меншікті қаражаттың есебінен ақпарат алудың және өңдеудің қажетті жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті.

8. Сақтандыру есебін алушылар мыналар болып табылады:

1) сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган

;

2) ішкі істер органдары жол полициясының бөлімшесі;

3) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандырушылар;

4) міндетті сақтандыру жөніндегі деректер базасының субъектілері;

5) сақтандыру және актуарлық есеп айырысу саласында консультациялық қызмет көрсететін консалтингтік және ғылыми-зерттеу ұйымдары.

Осы тармақта көрсетілмеген өзге тұлғаларға ақпарат беруге жол берілмейді.

9. Осы баптың 8-тармағының 3) және 5) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар ақпарат беру және (немесе) ақпарат алу туралы шарт жасағаннан кейін сақтандыру есебін алушылар ретінде кредит бюросында тіркелуі тиіс.

Ақпарат алушы сақтандыру есебін алуға және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге құқықтарға ие болуға құқылы.

Осы баптың 8-тармағының 3) және 5) тармақшаларында көрсетілген сақтандыру есебін алушылар:

1) ақпарат алушы ретінде тіркеу кезінде олар берген мәліметтердің өзгерісі туралы хабарлауға;

2) ақпаратқа қатысты құпиялылықты сақтауға және оны үшінші тұлғаларға жария етпеге;

3) алынған ақпаратты осы Заңда көзделген мақсат үшін ғана пайдалануға;

4) міндетті сақтандыру жөніндегі деректер базасы субъектісінің талабы бойынша оны ақпараттың мазмұнымен таныстыруға не ақпарат алушының ішкі ережелеріне сәйкес оның көшірмесін оған беруге;

5) ақпарат беру жөніндегі деректер базасының қызметіне ақы төлеуге;

6) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге міндеттерге ие болуға міндетті";

3) мынадай мазмұндағы 8-2-баппен толықтырылсын:

"8-2-бап. Міндетті сақтандыру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру үшін берілген ақпарат

1. Ақпарат беру жөніндегі өз міндеттемелерін орындау және сақтандыру есептерін алу мақсатында осы Заңның 8-1-бабы 5-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген ақпаратты жеткізушілер және осы Заңның 8-1-бабы 8-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген сақтандыру есебін алушылар барлық кредит бюроларымен ақпарат беру және немесе) кредиттік есептерді алу туралы шарт жасауға міндетті.

2. Ішкі істер органдары жол полициясының бөлімшесі кредиттік бюроларға жол-көлік оқиғалары, мемлекеттік техникалық қараудан өткен көлік құралдары жөніндегі және өздерінің жауапкершіліктерін міндетті сақтандыру шартын жасаған олардың иелері жөніндегі ақпаратты ақпаратты беру туралы шартта көзделген тәртіппен, мерзімде және көлемде алуға мүмкіндігі беріледі.

3. Сақтандырушылар әрбір жасалған сақтандыру шарты бойынша, сақтандыру сыйлықақыларының көлемі, сақтандыру жағдайлары, сондай-ақ сақтандыру төлемдерінің сомалары (мүлік және денсаулық бойынша төлемдер бөлігінде) жөнінде ақпаратты ақпаратты беру және (немесе) сақтандыру есептерін алу туралы шартта көзделген тәртіппен, мерзімде және көлемде ұсынады.

4. Осы баптың 2 және 3-тармақтарында көрсетілген ақпарат тиісті бағдарламалық қамтамасыз етумен біріккен ақпарат жүйелерін пайдалана отырып электрондық түрде беріледі.

5. Кредиттік бюролар жол полициясы бөлімшесінен алынған және сақтандырушыларға берілген ақпаратты уақтылы енгізуге міндетті.

6. Кредит бюро деректер базасының ақпарат ресурсын құру мен оған қол жеткізуге тең қатысу жағдайын қамтамасыз етуге міндетті.";

4) 13-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы баптың 3-тармағында көзделгеннен өзге мерзімге көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасауға жол беріледі:

1) көлік құралын маусымдық пайдалану кезінде, бірақ кемінде алты ай;

2) сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінің мәжбүрлеп таратылатын қатысушы-сақтандыру ұйымының кредиторларымен (сақтанушыларымен);";

5) 14-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін алғашқы сақтандыру жағдайының басталуы.";

6) 16-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай сөздермен толықтырылсын:

", оның ішінде қос сақтандыру көлік құралдарын маусымдық пайдалану Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кіру және осы Заңда көзделген тәртіппен сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін азайтуға берілген құқық туралы";

7) 17-баптың 2-тармағының 6) тармақшасындағы "сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабар алынған кезден бастап жеті жұмыс күні ішінде" деген сөздер "осы Заңда белгіленген мерзімде" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1 және 5-2-тармақтармен толықтырылсын:

"5-1. Сақтандырушы мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін бағалайды және өз есебінен тәуелсіз сарапшыны тарта отырып аталған бағалауды ұйымдастырады. Сақтандырушы пайда алушыға тиесілі сақтандыру төлемінен бағалауды жүргізуге меншікті шығыстарды ұстап қалуға құқылы емес.

Сақтанушының тәуелсіз сарапшыны тартуы мүмкін болмаған жағдайда, жәбірленушінің мүлігіне келтірілген зиянның мөлшерін бағалағанда сақтандырушы сақтанушыдан бас тартуға құқылы емес.

5-2. Сақтанушы (сақтандырылушы) немесе жәбірленуші тәуелсіз сарапшының қызметін дербес пайдалануға құқылы. Бұл ретте мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін бағалау шығыстарын сақтанушының (сақтандырылушының) өзі немесе жәбірленуші өтейді. Егер сақтанушының (сақтандырылушының) немесе жәбірленушінің бастамасымен болған бағалауды сақтандырушы мойындайтын және сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу кезінде ол пайдаланатын болса, онда сақтандырушы осы шығыстары бар тұлғаға сараптама шығындарын өтейді.

Сақтанушының (сақтандырылушының) немесе жәбірленушінің бастамасы бойынша жәбірленушінің мүлігіне келтірілген зиянның мөлшерін бағалаумен келіспеген жағдайда, сақтандырушы өз бағасын жасауға құқылы.

Сақтандырушы жасаған бағамен пайда алушы келіскен кезде, сақтанушының (сақтандырылушының) немесе жәбірленушінің бағалау шығыстарын сақтандырушының өтеуі тиіс емес."

б - т а р м а қ т а :

"сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға ол не сақтанушы (сақтандырылушы) хабарлаған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде" деген сөздер "сақтандыру жағдайының басталу дерегін растайтын құжаттарды ол немесе сақтанушы (сақтандырылушы) берген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде," деген сөздермен ауыстырылсын ;

"бағалау" деген сөз "зақымдалған мүлікті қарау мен бағалау" деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Сақтандырушы зақымдалған мүлікті қараған және жәбірленушінің мүлігіне келтірілген зиянның мөлшерін бағалаған не сақтанушының (сақтандырылушының) немесе жәбірленушінің бастамасы бойынша тәуелсіз сарапшы жасаған осындай бағалау нәтижелерін алған күннен бастап 4 жұмыс күні ішінде бағалау туралы есеп (қажет болған жағдайда) пен сақтандыру актісін жасайды және оларды пайда алушыға танысу үшін береді."

9) 23-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Егер сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталу дерегін растайтын

құжаттарды алған және зақымдалған мүлікті қарауға берген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сақтанушы (сақтандырылушы) немесе жәбірленуші өтінішінің негізінде келтірілген зиянға бағалау жасамаса, сақтанушы (сақтандырылушы) не жәбірленуші тәуелсіз сарапшы көрсететін қызметтерді пайдалануға және мүлікті қалпына келтіруді (кәдеге жаратуды) бастауға құқылы.";

1 0) 2 4 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

" м ү г е д е к б а л а " - 3 0 0 ; " ;

2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) бір жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін - келтірілген зиян мөлшерінде , б і р а қ 4 0 0 - д е н к ө п е м е с ;

3) екі және одан астам жәбірленушінің мүлкіне бір мезгілде келтірілген зиян үшін, бірақ әрбір жәбірленушіге 400-ден көп емес. Бұл ретте сақтандыру төлемдерінің жалпы мөлшері барлық жәбірленушіге 1000-нан аса алмайды. Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінен зиян мөлшері асқан жағдайда әрбір жәбірленушіге сақтандыру төлемі оның мүлігіне келтірілген зиянның дәрежесіне барабар түрде жүзеге асырылады.";

11) 24-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жәбірленуші қайтыс болған жағдайда, жәбірленушіні жерлеген адамға сақтандырушы жерлеуге қажетті шығыстарды нақты шығындар мөлшерінде, бірақ көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде өтейді.";

1 2) 2 5 - б а п т а :

2-тармақтың бірінші бөлігінде:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жәбірленушінің қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариатта куәландырылған к ө ш і р м е с і ; " ;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) пайда алушының зиянды өтеп алу құқығын растайтын құжат (көшірмесі);";

8) тармақша ", оның ішінде көлік құралының тіркелгендігі туралы куәліктің к ө ш і р м е с і . " ;

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мүлікке зиян келтірілген кезде жәбірленуші осы мүлікті меншіктенуші болып танылады, ал ол қайтыс болған жағдайда - зиянды өтеуге құқығы бар тұлға.";

1 3) 2 6 - б а п т а :

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру төлемінің дау туғызған бөлігін сақтандырушы бітім келісімін бекіту туралы сот ұйғарымы заңды күшіне енген не осы дау бойынша соттың шешімі заңды

күшіне енген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде, егер сот шешімі шұғыл түрде орындауды ұйғармаса, төлеуге тиіс.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Бірнеше жәбірленушінің мүлігіне зиян келтірілген жағдайда, сақтандырушы барлық жәбірленушілердің құжаттарын олар алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде, бірақ басқа сақтандырылғандардың құжаттарды беруіне тәуелсіз түрде, сақтандырушыға құжаттарды бірінші берген жәбірленушіден құжаттарды алған күннен бастап 15 күнтізбелік күннен кешіктірмей сақтандыру төлемін бастауға міндетті.";

14) 29-бап мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Сақтандыру төлемі сақтандыру полисінде көрсетілген зақымдалған көлік құралдары үшін төленбейді."

6. "Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 15, 102-құжат):

1) 8-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандырушы өзінің қаржылық есебін Қазақстан Республикасының барлық аумағына таратылатын кемінде екі мерзімді баспасөз басылымында мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жылдық қаржылық есепті жариялау тәртібі туралы нормативтік құқықтық актісінде көзделген көлемде және мерзімде жыл сайын жариялауға міндетті.";

11-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақшамен толықтырылсын:

"4-1. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінің қатысушысы - мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының кредиторларымен (сақтанушыларымен) кем дегенде он екі ай мерзімге жасалады."

7. "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 15, 87-құжат):

1) 2-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Осы Заңның ережесі міндетті сақтандыру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру мен оларды пайдалану кезінде туындайтын қатынастарға таралады және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген ерекшеліктерді есепке ала отырып қолданылады.";

2) 7 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

5) тармақшада "зерттеулер жатады." деген сөздер "зерттеулер;" деген сөзбен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын;

"б) міндетті сақтандырудың жекелеген түрлері жөніндегі деректер базасын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен қалыптастыру және жүргізу жатады.";

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Кредиттік бюролар заңнамалық актілерде және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен міндетті сақтандыру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру мен жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырады."

2-бап. Осы Заңды енгізу тәртібі

1. 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілетін осы Заң "жалпы сақтандыру" саласында қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарына арналған 1-баптың 3-тармағы 11) тармақшасының он бірінші абзацын қоспағанда, ресми жарияланған күннен бастап он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

2. Сақтандыру рыногының кәсіби қатысушылары өз қызметін 2006 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде осы Заңның талаптарына сәйкес келтірсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті